

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ.,	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147
ЕРІК Г.		

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K.	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТҰРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

*А.О. АҚЖІПТОВА¹



А.Б. САЛҚЫНБАЙ²



Ж.А. СӨРСЕНБАЙ³



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1, 2, 3}
(e-mail: asalkbek@mail.ru¹, akkibat.kaznu@mail.ru², janat.sarsenbay@yandex.kz³)

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ОККАЗИОНАЛДЫ СУБСТАНТИВАТТАР

Аңдатпа. Мақалада Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар қарастырылды. Тілімізде окказионалды сөз қолданыстары бұрын-соңды айтылып, зерттеліп жүр. Дегенмен, окказионалды субстантиваттар – беті ашылмаған тақырып. Ал Абай мұрасы – қазақ халқының теңдессіз байлығы. Абай шығармашылығына қатысты ғылыми зерттеулер толассыз жүргізілсе де, қазақ оқырманы үшін аздық етеді. Абай – қазақ сөзін түрлендіріп, бірде тура мағынасында, бірде астарлы мағынада жұмсап, тілдік қолданысты байытқан тұлға. Сондықтан бұл мақалада Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттардың қолданыс аясы сөз болып, жеке-жеке талданады. Окказионализм – жеке авторлық қолданысқа тән сөздер.

Субстантиват – заттанған тілдік бірліктер. Заттану құбылысы қазақ тіл білімінде бұған дейін біршама зерттелсе де, оның теориялық базасы, терминологиясы әлі күнге дейін жеткілікті дәрежеде толықпаған. Бұл мақалада «Субстантиват» термині алғаш рет ғылыми қолданысқа енгізіліп отыр. Сондай-ақ, субстантиваттардың грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасы айқындап, олардың қалыпты немесе окказионалды екенін анықтадық. Абай өлеңдеріндегі субстантиваттарға сөзжасамдық талдау жасалып, олардың сын есімнен, етістіктен, сан есімнен, метафоралық қолданыстардан, тұрақты сөз тіркестерінен транспозицияланып, заттық мәнде жұмсалғанына көз жеткіздік.

Түйін сөздер: Абай, окказионалды, қалыпты, субстантиват, заттық мән, заттану құбылысы.

Кіріспе. Абай мұрасы – қазақ халқының асыл мұрасы. Абайдың әдеби мұрасын зерттеу – филологтардың міндеті. Бүгінге дейін Абай өлеңдері зерттелді, зерделенді. Дегенмен, тілдік тұрғыдан зерттелу жайы кей аспектілерде жеткілікті деңгейде қарастырылды дей алмаймыз. Абай мұрасын әдеби тұрғыдан Б.Байғалиев, М.Мырзахметов, Қ.Салғарин, С.Оразалиев, Ғ.Есім, А.Машанов, Ж.Ысмағұлов, М.Бекбосынов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, М.Әліпхан, Т.Жұртбай, Ж.Дәдебаев т.б. ғалымдар зерттеген болса, Абай шығармаларының поэтикалық тілін Х.Жұмаелиев әдебиет теориясы тұрғысынан терең зерттеген. Ал лингвистика жағынан теориялық мәселелерді кеңінен қозғай отырып, зерттеген ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, Қ.Өмірәлиев болды. Сондай-ақ, кейінгі жылдары ғалым А.Салқынбай, О.Жұбаева Абай өлеңдерінің лингвопоэтикасына зерттеу еңбектерін арнаса, Абай аудармалары бойынша метафоралық қолданыстарды Ә.Жапарова зерттеп, докторлық диссертация қорғады. Абайдың окказионал қолданыстарын Г.Мұратова тақырыбына арқау етті. Ал біздің мақаламызға арқау болған окказионал субстантиваттар – әлі күнге дейін қарастырылмаған тақырыптардың бірі.

Жалпы окказионализм термині латынның «occasio» сөзінен шыққан, қазақ тіліне аударғанда «кездейсоқ» деген мағынаны білдіреді. И.С. Ожеговтің сөздігінде: «Окказиональный, -ая, -ое: Случайный, единичный. Окказиональные слова (индивидуальные неологизмы)» деген анықтама береді [1, 447]. Окказионализм теориясы неміс, ағылшын, француз, орыс тіл білімінде кеңінен зерттеліп, жан жақты қарастырылған. Мәселен, Б.А. Ларин, Ф.И. Буслаев, В.Л. Архангельский, А.М. Бабкин, И.И. Чернышев, Н.Н. Амосова, А.Г. Лыков, Е.А. Земская, О.И. Александрова, Н.А. Богданов, М.А.Бакина, Б.А. Белова және басқа да ғалымдардың еңбегін атаймыз.

Ал қазақ тіл білімінде Гүлнар Мұратова «Қазақ көркем әдебиетіндегі окказионал сөздер» деген кандидаттық диссертациясын, Абдрахманова Жазира Әсембекқызының «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі окказионал фразеологизмдер» атты кандидаттық диссертациясын білеміз. Сонымен қатар, ғалымдар Г.Турабаева, А.Алдашева, Х.Нұрмұханов Қ. Қадырқұлов, Г.Смағұлова, Л.Леспекова және басқа да ғалымдардың еңбектерінен көркем әдебиеттегі окказионал сөздер мен жаңа қолданыстарға қатысты еңбектерінен ғылыми тұжырымдамаларын кездестіруге болады. Сондай-ақ, әлемнің тілдік бейнесі мен авторлық интерпретацияны байланыстыра зерттеген ғалымдар да бар [2].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ғылыми мақалаға дереккөз ретінде Абай өлеңдері пайдаланылды. Сондай-ақ, мақаланың ғылыми тұжырымдамасын жасау үшін окказионализм теориясы, субстантивация теориясы туралы жазылған қазақ, орыс, шетел ғалымдарының зерттеу еңбектері негізге алынды. Сонымен қатар, Абай шығармашылығының поэтикасын, жеке қолданыстарын арнайы мақсатта зерттеген отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды.

Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттарды зерттеуде жинақтау, жүйелеу, сипаттау, лингвистикалық талдау әдістеріне сүйендік. Лингвистикалық әдістің семантикалық, сөзжасамдық аспектілерін басты назарға алдық. Окказионалды субстантиваттарды сөз құрамына талдау барысында топтастыру, жалпылау әдістері де қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Авторлық қолданыстарға қатысты зерттеушілер тарапынан берілген анықтамалар әрқилы. Мәселен, Х.Нұрмұханов: «Окказионалды деп өміршең емес, контексті қалауына орай тек бір ғана қолданымдық болып қызмет атқаратын сөздерді айтамыз», - десе [3, 112], А.Алдашева «Окказионализмдер тобына авторы белгілі, жасалуы жағынан тосын, өзгеше контексте образдылық-көркемдеуші қызмет атқаратын лексикалық бірліктерді жатқызамыз», - дейді [4, 82].

Осы орайда ғалым Ж.Ә. Абдрахманова окказионализмдердің түрліше аталуын ескеріп, өзінің ғылыми еңбегінде былайша сипаттайды:

1-кесте. Окказионализмдердің түрліше аталуы [5, 11]

Окказионализм:	Авторлық сөздер
	Жеке авторлық неологизмдер
	Экспромт-сөздер
	Метеор сөздер
	Мәтіндегі неологизмдер
	Эгологизм
	Ақын неологизмдері
	Поэтикалық неологизмдер
	Бірқолданар неологизмдер
	Стилистикалық
	Жеке сөздер
	Жеке стилистикалық неологизмдер

Жоғарыдағы окказионализм теориясына қатысты пікірлерге сүйенсек, окказионализм – жеке авторлық қолданысқа тән сөздер. «Окказионал сөздер – шығарма авторының өзіндік стильдік ерекшелігі мен көркемдеу шеберлігін танытар маңызды көрсеткіш. Әсіресе, эстетикалық құндылықтарды индивидуалды саралауда, поэтикалық тілдегі концептілік құрылымдарды репрезентациялауда көрініс табады. Ақиқат дүниенің поэтикалық бейнесін концептілік жүйеге салуда окказионализм құбылысы өз табиғатын жан-жақты ашу мүмкіндігін кеңейтеді. Әлемнің тілдік бейнесі тілдік бірліктерді окказионалды қолдану арқылы одан әрі толымды бола түседі» [6, 183].

Ал субстантиват ұғымына тоқталатын болсақ, ол – субстантивация теориясы негізінде қарастырылатын ұғым. Субстантиват – заттанған тілдік бірлік. Бұл термин қазақ тіл білімінде жиі қолданылмайды. Дегенмен, ғылыми еңбектерін субстантивация мәселесіне арнаған орыс тіл білімі ғалымдары В.В. Бабайцева, Л.В. Бортэ, Л.Г. Верниц, Н.П. Голубева, В.В. Лопатин, М.Ф. Лукин, В.Н. Мигирин еңбектерінен бұл терминді кездестіруге болады. Сонымен қатар, көркем мәтіндегі сын есімдердің және есімшелердің заттануын зерттеген Е.А. Земская, Е.Г. Ковалевская, М.И. Смольянинова еңбектерін де атап өту керек. Ал қазақ тіл білімінде бұл термин лингвистикалық терминдер сөздіктерінде де кездеспейді.

Бұл термин, орыс ғалымдарының еңбегінен байқауымызша, субстантивир терминімен жарыса қолданылады. Бірақ біз ғылыми мәні мен қолданылу жиілігін ескеріп, «субстантиват» терминін қолдануды жөн көрдік.

Окказионалды субстантиват – белгілі бір тілдік тұлғаның сөз қолданысында заттанған тілдік бірліктерді өзіндік жекестіліңде қолдануы. Жекелеген авторлар шығармашылығында окказионалды субстантиваттар осы күнге дейін зерттелмеген тың тақырып. Ал орыс тіл білімінде бұл тақырыпты зерттеу жиырмасыншы ғасырдың соңы мен жиырма бірінші ғасырдың бас жағында белең ала бастады. Кей ғалымдардың еңбегінде окказионалды субстантиват деп қолданылса, кей ғалымдар контекстуалды субстантиват деп көрсетеді. Мәселен, орыс ғалымы И.С. Улуханов өз еңбегінде тілдік бірліктердің семантикалық ерекшелігін анықтау үшін окказионал субстантивацияны контекстуалды субстантивация деп атауымыз жеткілікті деген пікір білдіреді [7].

Окказионалды субстантиваттарға қатысты орыс тіл білімінің ғалымы мынадай пікір білдіреді: «Существуют разные виды субстантиватов, возникающие посредством многих механизмов, часто обусловленных экстралингвистическими факторами (коммуникативная ситуация, речевая задача участников устного и письменного общения, особенности индивидуально-авторского мышления, общественно-политическая обстановка и т.д.). Субстантиваты в современной речевой практике обладают большим функционально-стилистическим потенциалом: участвуют в создании образной системы художественных произведений; реализуют информативную и эмотивную функции языка СМИ; являются тематически специализированными элементами в языке деловых бумаг. Субстантиваты выступают структурообразующими единицами различных терминологических систем научной речи; отражают мировоззренческие установки и социокультурные запросы общества, часто являясь «маркерами» времени» [7, 83].

Нәтижелер. Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттарды зерттеу барысында олардың жан-жақты қолданылғанына көз жеткіздік. Алайда кейбір заттанған тілдік бірліктер окказионалды емес, қалыпты заттанған сөздерге жатады. Сондықтан өлеңде келетін заттанған сөздердің семантикасын контекске сай талдаймыз.

Абай шығармашылығында кездесетін субстантиваттардың түбіріне мән беріп, сөз таптарына қарай топтастырдық. Соның ішінде сын есімдер мен есімшелер заттану құбылысына бейім екені бәрімізге мәлім. Сын есімдердің заттануы Абай шығармашылығында жиі кездеседі. Мәселен:

«Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,

Шын сөзбенен өлсеңіз;
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме» [9], –

деген өлең жолдарында бай, надан, жақын сын есімдерінің заттанғанын байқаймыз. Сондай-ақ, біріккен ақсақал сөзінің заттық мәнде қолданылғанына куә боламыз. Бұл жерде ақсақал және бай сөздері қалыпты субстантиватқа жатады, себебі тілімізде Абайға дейін де бұл сөздер заттық мәнде қолданылған. Тіпті, бұл сөздер ертеректе статустық мәнге ие болған. Мәселен, ақсақал – ауылдың не аймақтың үлкен ақылшылары болса, бай – ауылдың не аймақтың материалдық тұрғыдан байлығы бар тұлғалары, ел қамқоршысы, ел ағасы деген мәнде жұмсалған. Бірақ Абай өлеңдерінде «бай» сөзі позитивтік мағынасынан гөрі, негатив мағынасында жұмсалады. Мысалы:

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр;

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап;

Жаман үйде жалғыз шал,
Өзі – кедей, күңіренді.
Өзі көрген байлардың
Мінезінен жиренді [9].

Бұл өлең жолдарынан бай сөзінің «ауқатты, дәулетті» деген мағынасынан гөрі, «халықты қанаушы» деген мағынадағы қолданысын көреміз. Демек, бұл сөзді де белгілі бір тұрғыда Абайдың жеке қолданысындағы субстантиват сөз деп айтуға болады.

Ал надан және жақын сөздерін окказионал субстантиваттар деуімізге негіз бар. Ол туралы «Абай тілі сөздігенде»: «Надан. 1. Білімсіз, өнерсіз. 2. Топас, қараңғы» деген анықтама беріледі [10]. Абай басқа да өлеңдерінде надан сөзін қолданады:

«Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?» [9].

Бұл жерде екінші тармақта надан сөзі заттанып қолданылса, үшінші тармақтағы надан сөзі өзіне тән сындық мәнде қолданылады. Ал келесі бір өлеңінде: «Басында ми жоқ, өзінде ой жоқ, күлкішіл кердең наданның» деп, надан сөзін тағы да заттық мәнде қолданады. Дәл осы өлең жолдарының жалғасын былай береді: «Көп айтса, көнді. Жұрт айтса болды – Әдеті надан адамның» [9]. Бұл жерде надан заттық емес, адъективтеніп қолданылған. Жалпы, осы сықылды надан сөзінің екі жақты (заттық және сындық) қолданысы Абай өлеңдерінде жиі ұшырасады. Ал жақын сөзі Абай өлеңдерінде туыстық немесе рулық жақындығы бар адамдарды меңзейді. Жақын сөзі тілімізде толық заттанған сөздер қатарында емес, көбінесе сын есім мағынасында жұмсалады.

Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттар ықшамдалу нәтижесінде туындаған. Олай дейтін себебіміз, өлеңнің ұйқасы, формасы, буын саны кейбір сөздерді ықшамдап беруге, үнемдеуге жетелейді. Ол туралы: «Ықшамдалусын негізді аталымдардың табиғатына тән негізгі заңдылық ретінде танылады, өйткені ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде заттанған сындар тілде мол. Сын есім-зат есім тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалуы нәтижесінде тілде жаңа аталым жасалады. Ықшамдалған зат есімнің мағынасы сын есімге бекиді де, сын есімнің номинативтік мағынасы көмескіленіп, не біржола жойылып, екінші заттық мағынасы белсенділік танытады. Тілде бір кезде сындық мәнде қолданылған сөз

заттық мағынаға ауысып, жаңа аталым тілдік айналымға түседі. Бұл тілде бірден жүзеге аспай, кезеңдік даму сатыларынан өтеді. Қазіргі тілімізде зат есімдер қатарында танылып жүрген мына сөздерге назар аударалық: қарт, қате, үскірік, кетік, науқас, қарыз, аңыз, қырсық, жетім, ұры, қалың, жау, тоқал, иттік, топан, төркін, туыс, тұсақ, кедей, бай, еттік, малай, жарық, соқпақ, сұр, тазы т.б. Бұл атаулар «сын есім-зат есім» тіркесіндегі зат есімнің ықшамдалып, оның мағынасының сын есімге көшуінен жасалған» деген пікірді негізге аламыз [11, 9].

Ықшамдалу нәтижесінде пайда болған субстантиваттарға дәлел ретінде мына өлең жолдарын берсек болады:

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын [9].

Бұл жерде жаяу сөзі қалыпты субстантиват болса, атты сөзі окказионал субстантиват болып табылады. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген қазақ мақалында да жаяу сөзінің заттық мәнде қолданылғанын көреміз. Ал «Аттысы шапты» деген өлең жолында Абай «аттылы адамды» меңзегені анық.

Қатыстық сын есімдердің заттануына қатысты Абай өлеңдерінен мына өлең жолдарын беруге болады:

«Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржаң – қылжаң ит мінез» [9].

Бұл өлең жолдарынан білімді, талапты, ез сындарының заттық мәнде қолданылғанын байқаймыз. Талапты және ез субстантиваттары окказионал субстантиваттарға жатады да, білімді субстантиваты қалыпты субстантиватқа жатады. Осы тұста «окказионал қолданыс болып танылудың шарттары қандай?» деген сұрақ туындауы заңды. Оны ғалым Г.Мұратованың ізімен «ең әуелі стильдік жаңа сөздің ішкі мағына-мазмұнына назар аударып, одан соң сыртқы түріне, мазмұнның берілу тәсіліне, сөз формасына көңіл бөлдік. Сондай-ақ, бұл сөздің жарық көрген ортасы немесе қызмет етер аясын анықтап, ең соңында окказионал сөздің қызмет етер шегі, жұмсалыу жиілігі есепке алынды» деп жауап береміз [6, 51].

Абай өлеңдерінде сын есімнен жасалған антонимдік жұптардың заттануын жиі кездестіруге болады. Мәселен, **жақсы – жаман** (Жақсыға айтсаң, жаны еріп, Ұғар көңіл шын беріп; Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек), **өнерлі, өнерпаз – өнерсіз** (Өнерсіздің қылығы – Тура сөзін айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге; Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан), **ақылды – ақылсыз, ақымақ, надан** (Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек, Әр нәрсеге өзіндей баға бермек; Таразы да, қазы да өз бойында, Наданның сүйенгені – көшпен дүрмек; Ақымақ – көп, ақылды – аз, Деме көптің сөзі бұл; Рас сөздің кім білер қасиетін, Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек), **есті – ессіз, надан** (Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұңаймай жүр), **жасы үлкен – жасы кіші кіші** (Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр, Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр), **талапты – талапсыз, тасыр** (Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар, Көңілінің көзі ашық, сергек үшін), **бай – кедей** (Ерте барсам жерімді жеп қояр деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай; Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып), **алыс – жақын** (Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек), **білімді – білімсіз** (Ақсақалдың әкенің, білімдінің, Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек), **жас – кәрі** (Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек) т.б.

Берілген мысалдардан өнерлі, өнерсіз, өнерпаз, талапты, тасыр, жасы кіші, жасы үлкен, өнерсіз, бай және кедей субстантиваттары Абай өлеңдерінде жиі қолданылып, окказионалдар қатарынан табылады. Ғалым А.Б. Салқынбай: «Авторлық интенцияда «өнер» сөзінің мағынасы қазіргі біздер түсінетін «исскуства» ұғымынан тереңірек. Білім алған, оқыған адам – өнерпаз! Ойлағанын, ішкі түйгенін айта алмай, туралықты бетің бар, жүзің бар деп айта алмай, іштен тынып, қорлыққа көніп, пікірін үнсіздікпен ішке бүгіп, қорқақтау, сөйтіп қорлықпен шіру – «өнерсіздің қылығы», білімсіз наданның ісі», - деп пікір білдіреді [12, 176].

Абай өлеңдерінде антонимдік жұп болатын сын есімдерден бөлек, басқа да сын есімдердің заттық мәнде қолданылғанын байқаймыз. Мәселен:

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр [9];

Немесе:

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек [9];

Немесе:

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай;
Мал семірет, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер;
Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер [9];

Немесе:

Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап [9];

Немесе:

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл [9], –

деген өлең жолдарында күшті, тентек, асау сөздері окказионал субстантиват ретінде қолданысқа түскен. Ал еріншек, жастар, ақ, сараң, ғашық сөздері қалыпты субстантиват түрінде кездеседі.

Окказионал субстантиват ретінде сөз тудырушы жұрнақ арқылы үстеуден жасалған сын есімдерді де Абай шығармашылығынан кездестердік.

Домбыраға қол соқпа:
Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар;
Сондай-ақ:

Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Немесе:

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүнін сыйпайды [9].

Бұл өлең жолдарында Абай «бұрынғы» деп өткен шағын меңзейді. Ал «артқы» деп кейінгі ұрпақты айтады. Абайдың өз сөзін дәлел ретінде беруге болады: «Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер». Үшінші өлең жолдарындағы «әлгі» сөзі арқылы «жаңағы, сол» деген мағынаны білдіреді.

Етістіктен сын есім тудырушы жұрнақ арқылы жасалған «құрығыр» (құрғыр) сөзі заттанып, Абай өлеңдерінде окказионал субстантиват мәнінде жұмсалады:

Есіткендей болады
Құлағы ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Сондай-ақ, «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде «Біреудің қызын алып малға сатып, Баяғыны іздеген қандай құрғыр?» деген өлең жолдарында кездеседі.

«Абайдағы өзге де сын есімдер сияқты -лы жұрнақты туынды сын есімдер де сөйлем ішінде субстантивтеніп келеді. Абайда –лы арқылы өзі жасаған жаңа сөздер аса көп емес. Біздіңше, өнерлі және қолөнерлі, сәулелі, жетімді (жеткілікті сөзінің дублеті), мінді (мінсіздің антонимі), кеселді (түйін, қылық) сөздерін ғана Абай өзі жасаған болар немесе кейбіреулерін активтендірген болар» [13, 235].

Абай өлеңдерінен окказионал субстантиваттарды іздеу барысында, метафоралы қолданыстарды, тұрақты сөз тіркестерін, күшейту мағынасындағы сөздер арқылы берілген сын есімдерді және т.б. тың қолданыстарды кездестірдік. Соның бірнешеуіне мысал келтірейік:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды [9].

Бұл өлең жолдарында Абайға ғана тән окказионал субстантиватты атаймыз. Ақын сұлу қызды «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп тапқырлықпен суреттейді. Келесі тармақтарында «Әуелде сұлу жайы бізге мәлім, Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» деп сұлу қыз образын аша түседі.

Жоғарыда «надан» сөзін Абай қолданысындағы субстантиват деп таныдық. Ақын «Өзгеге, көңілім, тоярсың» еңбегінде «Қара басқан, қаңғыған, Хас надан нені ұға алсын?», - дейді де, надан сөзін түрлендіріп, күшейту мағынасындағы сөзбен тіркестіре қолданады.

Абай тілі – метафораларға бай. Сөзімізге дәлел ретінде мынадай статистикалық ақпаратты келтіреміз: «Зерттеу қорытындысы бойынша, Абай өлеңдеріндегі дәстүрлі метафоралар саны – 523, ал авторлық метафоралар саны – 524. Демек, өлеңдерінде кездесетін метафоралардың тең жартысы – өзінің төл туындысы. Бұның өзі ақынның шеберлігін айғақтайды» [14].

Субстантиват метафораларының біріне «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі (Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп, Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға) «қандыкөз» сөзін жатқызамыз. Сондай-ақ, мына өлеңде:

Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға

Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда, - деген ақын ойшыл адам образын осылайша ұтымды сипаттайды. Ал Әбдірахманның келіншегі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы туралы ғалым Х.Жұмалиев былай дейді: «Тыянағым, тұрлауым, Енді кімге асылдым... Мұның метафора екенін тәуелдік жалғауы «-ым» мен жасырынып, ойда тұрған «ол» деген сөз арқылы білеміз [15, 102].

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»,

Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз» деген өлең жолдарында кейбір ақындардың өлеңінде келетін тенеу сөздерін сынайды. Ал келесі тармағындағы «алтын иек, сары ала қыз» метафорасы кейбір ақындардың сұлу қыз бейнесін суреттейтін теңе сөзін әжуалаған. Осындай тың қолданыс заттық мәнде тұрғандықтан, окказионал субстантиват ретінде танымыз.

«Концептуалдау, тұжырымдамалау – Абайдың ең маңызды эстетикалық қағидасы болып табылады. Абай поэзиясы – жаңа эстетикалық жүйе, ол шынайы ақындық көріністің құрылымдық көрсеткіштері бойынша да, интровертті психологиялық параметрлер бойынша да толық жүйе болып табылады. Бұл жүйеде интертекстуалдық тұрғыдағы мағыналар мен мотивтердің қанықтылығы мен суггестиясы жүреді, сондықтан троптарға, әсіресе, метафораларға үлкен салмақ түседі. Абайдың концептуалдық, стратегиялық бағдарланған поэтикасында, метафоралар поэтикалық мағыналарды ұйымдастырудың ең маңызды құралы болып табылады» [14].

Абай өлеңдеріндегі етістіктердің заттануына келер болсақ, субстантиваттар түрлі формада кездеседі. Мысалы, есімшелердің, етістердің, тұйық етістің заттануын көреміз. Заттанған етістік формалары заттық мәнге ие болғандықтан, олар септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдайды. «Наиболее очевидным является разграничение контекстуальных субстантиватов по внешнему, чисто формальному признаку. Субстантивируясь, языковая единица либо сохраняет свою первичную форму, либо изменяет ее, приобретая парадигму имен существительных. Подобное разделение не несет в себе никакой семантической нагрузки. Если окказионально субстантивированное слово сохраняет свою начальную форму, оно остаётся неизменяемым, независимо от того, изменяется оно в несубстантивированном виде или нет» [7, 67].

Абай өлеңдерінде есімшелердің заттанған формалары жиі кездеседі. Өлеңдердегі есімшелерді талдамас бұрын алдымен есімше және оның формаларына қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Қазақ лингвистикасының белгілі ғалымы Ы.Маманов өз еңбегінде есімшелерді сөз еткен тұста былай дейді: «Сын есімге зат есімнің көптік, тәуелдік және септік жалғаулары жалғанғанда зат есім мағынасы ауысатындығы сияқты, есімше формалары да септік, тәуелдік, көптік жалғауларын қабылдап, зат есім мағынасында жұмсалады. Жүргенге жөргем ілінеді (Мақал). Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра. Бермегенді беріп ұялт. Қонарымды сай біледі, көшерімді жел біледі. Алмақтың да салмағы бар. Сиынғаныңнан сенгенің күшті болсын» [15, 89]. Автор бұл жерде есімшенің заттанған формаларына халық мақалдарынан мысалдар келтіреді де есімшелер сөйлемде әрі заттық, әрі атрибуттық, әрі предикаттық мағынада қолданылатынын дәлелдейді. Ғалым есімшелерді бес топқа жіктейді. Автор классификациясын сақтай отырып, есімше жұрнақтары мен мағыналық топтарын кесте арқылы беруді жөн көрдік.

2-кесте. Ы.Мамановтың есімше формаларын жіктеуі [15].

Есімшенің мағыналық түрлері	Өткен шақ есімше	Дағдылы есімше	Болжалды есімше	Ниет есімше	Осы шақ есімше.
Есімшенің жұрнақтары	-ған/-ген, -қан/-кен	-атын/-етін, -йтын/-йтін	-ар/-ер/-р	-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек; -мақшы/ -мекші, -бақшы/-бекші, -пақшы/-пекші	Тұйық етістік + -шы/-ші
Мысалдары	Алған, келген, шыққан, кеткен	Тұратын, ішетін, ойнайтын, сөйлейтін	Айтар, келер, оқыр, кетіп алар, келгісі келер	Бармақ – бармақшы, келмек – келмекші, жазбақ – жазбақшы, қашпақ – қашпақшы	Келуші, сөйлеуші, сыбырлаушы, жүргізуші

Бұл кестеде берілген есімше жұрнақтары да есім сөздері секілді септеледі, көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді. Контексте заттық мәнде жұмсалады.

Жоғарыда келтірілген пікірлерге сүйенсек, есімшенің барлық формасы контекстік немесе окказионал заттануға бейім. Олардың ішінде толық заттану деңгейіне жеткендер саусақпен санарлық.

Есімшенің -ған, -ген және оның фонетикалық варианттары арқылы жасалған субстантиваттарға мына өлең жолдарынан үзінді келтіреміз:

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға [9].

Немесе:

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз,

Білгендердің сөзіне

Махаббатпен ерсеңіз [9].

Немесе:

Біреу үшін үйренсең,

Біреу білмес, сен білсең,

Білгеніңнің бәрі – тұл [9].

Немесе:

Білгенге жол бос,

Болсайшы қол бос,

Талаптың дәмін татуға [9].

Бұл өлеңдерден есімшелердің анықтауыштық, толықтауыштық қатынаста тұрып, окказионал субстантиват қызметін атқаратынын көреміз. Сонымен қатар, есімшенің басқа да жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің субстантиват дәрежесінде жұмсалуды көреміз. Ғалым Рәбиға Сыздық: «Қазіргі қазақ тілінің нормативтік-ғылыми грамматикаларында мұндай тұлғаның (-ған+дық) бар екендігі туралы ауызға да алынбайды, ал, шындығында, бұл – қазіргі нормамызда өнімді тәсіл болмаса да, тіл тәжірибесінде мүлде жоқ тұлға емес. Абай туынды сөздің бұл түрін өте актив қолданған, өткен шақтық есімшелерге -лық жұрнағын жалғау – есімшені субстантивтеудің, ал кей жерде адъективтеудің (зор болғандық әсері) грамматикалық тәсілі болып табылады» дейді [13, 241].

Есімшенің -ушы, -уші формасы арқылы жасалған субстантиватқа:

Ескі бише отырман бос мақалдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.

Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,

Сендерге де келейін енді аяңдап, - деген өлең жолдарындағы «тыңдаушы» сөзін келтіруге болады.

Ал есімшенің -мақ, -мек және оның фонетикалық варианттарынан жасалған окказионал субстантиваттар да Абай өлеңдерінде кездеседі. Адам болмысына үңіліп, адам жанын терең түсіне білген ақын Абайдың өлеңдеріндегі мына жолдарға назар аударайық:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз [9];

Сонымен қатар:

Екі күймек бір жанға әділет пе?

Қаны қара бір жанмың, жаны жара [9].

Бұл өлеңдердегі бекер мал шашпақ қасиетін сынап, бес дұшпанға жатқызады. Ал сынаққа түсіп, жығылған адамның хәлін Абай «екі күймек бір жанға әділет пе?» деп дөп басады. «Талдау жасалған адам мінездері өзара байланыстағы, бірінен-бірі туып, адам баласының олардан тез арылуына көнбейтінкөлеңке іспетті» [16, 291].

Бұл екі субстантиват та Абайдың жеке қолданысына тән сөздер.

Есімшенің -ар, -ер, -р және болымсыз түрі -с жұрнақтары арқылы жасалған субстантиваттарға қатысқан мынадай өлең жолдарын кездестіреміз:

Білгенге маржан,

Білмеске арзан,

Надандар бәһра ала алмас [9];

Тұйық етістік арқылы жасалған субстантиват ретінде «Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз» деген жолдардағы «тілеуің» сөзі дәлел.

Абай өлеңдерінде дербес сөз табы бола алмайтын, бар және жоқ модаль сөздері заттық мәнде жұмсалады:

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Бұл өлеңде ақын қолда бар нәрсенің бәрін жалпылап, бір ғана «бар» модаль арқылы беруді жөн көреді. Ал келесі өлең жолдарында:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін, - дейді де, өткен-кеткен әңгімені жалпылап, жоқ және бар модаль сөздерін қосарлап, «жоқ-барды» деген субстантиватқа айналдырады. Ал жоқ модаль арқылы жасалған мына субстантиватты айтуға болады:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер [9].

Абай өлеңдерінде сын есім, етістіктерден басқа заттанған сан есімдерді де жиі кездестіреміз. Әсіресе, мың сөзі субстантиват ретінде жиі жұмсалады. Жалпы, тілімізде мың сөзі жиі заттанады, сондықтан бұл сөзді окказионал субстантиватқа жатқыза алмаймыз. Абай да мың сөзін «көпшілік, көп» мағынасында қолданады:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап;
Немесе:

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап;
Немесе:

Соқтықпалы-соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, күнә қойма!
Немесе:

Бір кісі- мыңға,
Жөн кісі-сұмға,
Әлі жетер заман жоқ [9].

Сонымен қатар, екеу және бір, бес, алты сан есімдерін субстантиват ретінде кездестіреміз:

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?
Немесе:

Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп;
Немесе:

Пысықтықтың бір белгісі – арыз беру,
Жоқ, тұрса, бес бересі, алты аласы [9].

Байқап отырғанымыздай, ақын өлеңдерінде сан есімнен жасалған субстантиваттар да жетерлік. Барлығын бірдей талдап отыруға мақаланың көлемі көтермесі анық. Дегенмен, ең негізгі көзге түскен субстантиваттарды талдауға тырыстық.

Қорытынды. «Абай поэзиясы – өзіне дейінгі ұлттық поэтикалық қағидалардан батыл түрде бас тартқан, ұйқасы мен ырғағы әрқашан оқыс, қазақ көркем әдебиетінің шыңында тұрған туындылар» [17, 15].

Ғалым Х.Жұмалиев: «Ауру жүрек ақырын соғады жай» деген сөйлемде қаншама көркем сурет жатыр? Әрине, бұл сықылды жаңа сөз қолданыс, жаңаша сөйлем құрылысы Абайда көп, олардың әрқайсысына жеке тоқтап талдаулар беру – келешектің ісі. Біздің бұл жерде айтпағымыз – Абайдың қазақ әдебиет тілін көркем, образды сөздермен байытудағы жаңашылдығы. Ол үшін осы мысалдардың өзі-ақ жеткілікті ғой деп ойлаймыз» деп ақын өлеңдерін терең талдау қай заманда да өзекті екенін ескертеді [18, 67]. Мақалада Абай өлеңдерінің басым бөлігі талданды. Қорыта келе айтарымыз, Абай тілі – бай, көпқырлы, иірімді тіл. Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттарды мақала деңгейінде емес, көлемді ғылыми еңбек деңгейінде зерттеуге лайық. Абай өлеңдеріндегі заттанған тілдік бірліктер жан-жақты екенін анықтадық. Соның ішінде, сын есімнен, сан есімнен, етістіктің есімше формасы мен тұйық етістіктен пайда болған субстантиваттарды анықтадық. Байқағанымыздай, сын есімдерден пайда болған субстантиваттар өте көп, себебі қай тілде болса да сын есімдер – заттануға бейім сөз табы. Сонымен қатар, Абайдың ерекше окказионал субстантиваттары ретінде метафора қолданыстары мен тұрақты сөз тіркестерінің заттық мәнде жұмсалғанына көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1. Ожегов И.С. Толковый словарь русского языка. – М.: Мир и Образование: ОНИКС, 2012. – 1375 с.
2. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Dautova B.D., Rainbekova G.S., Toktymanova G.M. Translation and interpretation of Abay's political – social Lyrics into Turkic languages // *Opcción*, Vol 36, 2020. – 1852 p. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/318127>
3. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 287 б.
4. Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы: 1992. – 143 б.
5. Абдрахманова Ж.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер прагматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 165 б.
6. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: фил.ғыл.док. дисс. – Алматы: 2009. – 320 б.
7. Улуханов И.С. Глагольное словообразование современного русского языка. Т. II. Глаголы, мотивированные глаголами. – М.: Азбуковник, 2017. – 432 с.
8. Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // *Opcción*, Año 36, Especial №26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSN: 2477-9385
9. Құнанбайұлы Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2020. – 336 б.
10. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
11. Саменова С. Заттанған сындардың танымдық және функционалдық қызметі: Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 25 б.
12. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.
13. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 384 б.
14. Zhararova A. Translating the Kazakh poet Abay // *Journal of Language and Literature*, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016, Scopus, – P. 307-314
15. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
16. Еспенбетов А.С., Ердембеков Б.А., Смагулова А.Т. Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау // *Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы*. – №2, – Астана: Ақтаев У.Е., 2023. – Б. 346. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>

17. Байлиева Ұ.Б., Даутова Б.Д. Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №2, – Астана: Ақтаев У.Е., 2023. – Б. 346. DOI: <https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/article/view/215/111>

18. Жұмалиев Х.Ж. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу құралдар баспасы, 1948. – 158 б.

А.О. АКЖИГИТОВА, А.Б. САЛКЫНБАЙ, Ж.А. САРСЕНБАЙ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОККАЗИОНАЛЬНЫЕ СУБСТАНТИВАТЫ В СТИХАХ АБАЯ

Аннотация. В статье рассматриваются окказиональные субстантиваты в стихах Абая. В нашем языке окказиональные слова уже ранее упоминались и исследовались. Тем не менее, окказиональные субстантиваты — тема, которая еще не была изучена. Наследие Абая — это бесценное богатство казахского народа. Несмотря на постоянные научные исследования, связанные с творчеством Абая, для казахского читателя их все еще недостаточно. Абай — это фигура, которая обогащала языковое употребление, трансформируя казахское слово, используя его то в прямом, то в переносном смысле. Поэтому в данной статье рассматривается область употребления окказиональных субстантиватов в стихах Абая, а также проводится их детальный анализ. Окказионализмы — это слова, характерные для индивидуального авторского использования.

Субстантиваты — это лексические единицы, перешедшие в разряд существительных. Хотя феномен субстантивации в казахском языкознании ранее уже был в определенной степени исследован, его теоретическая база и терминология до сих пор остаются недостаточно разработанными. В данной статье термин «субстантиват» вводится в научный обиход впервые. Также были определены грамматическое и лексическое значения субстантиватов и выявлено, являются ли они окказиональными или нормативными. Проведен словообразовательный анализ субстантиватов в стихах Абая, показано, что они переходят в категорию существительных из прилагательных, глаголов, числительных, метафорических выражений и устойчивых словосочетаний.

Ключевые слова: Абай, окказиональный, нормативный, субстантиват, предметное значение, феномен субстантивации.

A.O. AKZHIGITOVA, A.B.SALKYNBAY, ZH.A. SARSENBAY

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

OCCASIONAL SUBSTANTIVATES IN ABAY'S POEMS

Annotation. The article examines occasional substantivities in Abai's poems. Occasional words have already been mentioned and studied in our language. However, occasional substantivities are a topic that has not yet been studied. Abai's legacy is an invaluable treasure of the Kazakh people. Despite ongoing scientific research related to Abai's work, they are still insufficient for the Kazakh reader. Abai is a figure who enriched language usage by transforming the Kazakh word, using it both literally and figuratively. Therefore, this article examines the area of use of occasional substantivities in Abai's poems, and also conducts a detailed analysis of them. Occasionalisms are words characteristic of individual authorial use. Substantivities are lexical units that have become nouns. Although the phenomenon of substantivization in Kazakh linguistics has already been studied to a certain extent, its theoretical basis and terminology are still underdeveloped. In this article, the term "substantivat" is introduced into scientific circulation for the first time. The grammatical and lexical meanings of substantivats were also determined and it was revealed whether they are occasional or normative.

A word-formation analysis of substantivats in Abai's poems was conducted, it was shown that they move into the category of nouns from adjectives, verbs, numerals, metaphorical expressions and set phrases.

Keywords: Abai, occasional, normative, substantivat, subject meaning, phenomenon of substantivization.

References

1. Ozhegov I. S. Explanatory dictionary of the Russian language. – M.: Peace and Education: ONICS, 2012. – 1375 p.
2. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Dautova B.D., Rainbekova G.S., Toktymanova G.M. Translation and interpretation of Abay's political – social Lyrics into Turkic languages // *Opción*, Vol 36, 2020. – 1852 p. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/318127>
3. Nurmukhanov Kh. Words and skills. – Almaty: Science, 1987. – 287 p.
4. Aldasheva A. New usages in modern Kazakh literary language: autoref. – Almaty, 1992. – 143 p.
5. Abdrakhmanova J.A. Pragmatics of occasional phraseological units in the modern Kazakh language. – Almaty: Kazakh University, 2013. – 165 p.
6. Muratova G.A. Linguistic personality of Abai: discourse analysis and conceptual system: Ph.D. diss. – Almaty: 2009. – 320 p.
7. Ulukhanov I.S. Verb word formation in the modern Russian language. T. II. Verbs motivated by verbs. – M.: Azbukovnik, 2017. – 432 p.
8. Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // *Opcion*, Año 36, Especial №26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSN: 2477-9385
9. Kunanbayuly Abai (Ibrahim). Complete two-volume collection of his works. – Almaty: Jazushi, 2020. – 336 p.
10. Dictionary of the Abai language. – Almaty: Oner, 2011. – 616 p.
11. Samenova S. Cognitive and functional function of substantivization: Dissertation prepared for the degree. – Almaty: – 25 p.
12. Salkynbay A.B. Lingupoetics of the word Abay: monograph. – Almaty: Kazakh University, 2015. – 242 p.
13. Syzdykova R. The language of Abay's works. Vocabulary and grammar: A collection of multivolume works. – Almaty: El-shezhire, 2014. – 384 p.
14. Zhaparova A. Translating the Kazakh poet Abay // *Journal of Language and Literature*, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. №4. November, 2016, Scopus, – P. 307-314.
15. Mamanov Y. Problems of Kazakh linguistics. – Almaty: Arys, 2007. – 488 p.
16. Espenbetov A.S., Erdembekov B.A., Smagulova A.T. Thesaurus of Human Character in Abai's «The Book Of Words» // *Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*. – №2, – Astana: 2023. – P.346. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.21>
17. Bailieva UB, Dautova B.D. Features of Translation of the Concepts Mind, Heart, Will into Russian in Abai's Works // *Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute*. №2, Astana, 2023. – P. 346. DOI: <https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/article/view/215/111>
18. Zhumaliev H.J. Kazakh poetry before Abai and the language of Abai's poetry. – Almaty: Kazakh state publishing house of educational materials, 1948. – 158b.

Авторлар туралы мәлімет:

Ақжігітова Аққибат Орақбайқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Ақжигитова Аккибат Орақбайқызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Akzhigitova Akkibat Orakbaykyzy – doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Салқынбай Анаркүл Бекмырзақьзы – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Салқынбай Анаркул Бекмырзакьзы – доктор филологических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Salkynbai Anarkul Bekmyrzakyzy – doctor of Philology, professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сәрсенбай Жанат Асылханқызы – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сарсенбай Жанат Асылханқызы – доктор философии (PhD) Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Sarsenbay Zhanat Assylhankyzy – doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.